

Басты назарда – экология және су қауіпсіздігі



Суретті түсіргендер: А. ДІСЕНБЕК, Е. УЖБЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің отырысы өтті. Жиында экология және су қауіпсіздігі мәселелері қарастырылды.

Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйі жөнінде баяндама жасады. Сондай-ақ бірқатар мемлекеттік орган басшылары мен өңір әкімдері жекелеген мәселелер бойынша есеп берді.

Президент отырыс барысында экологиялық қауіпсіздікке қатер төндіретін табиғи және антропогендік факторларға қарсы күрес аса маңызды екенін атап өтті.

– Кейінгі жылдары көптеген елдің үкіметтерінің белсенділігі

артты. Экологияны жақсарту, «жасыл» экономикаға көшу және көмірсутегі бейтараптығына қол жеткізу үшін батыл шешімдер қабылданып жатыр. Ұрпағымыздың дені сау болып, ауасы таза елде өмір сүргіміз келсе және мемлекетімізді бүкіл әлем мойындағанын қаласақ, біз олардан үлгі алуымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы экология саласында шұғыл шешім қабылдауды қажет ететін проблемаларға баса назар аударды.

– Кеңес кезеңінен келе жатқан көптеген өндіріс орны,

көмір жағатын электр стансалары мен қазандықтар экологиялық ахуалдың нашарлауына әкеп соқтырды, – деді Президент.

Бұдан бөлек, жиында қоршаған ортаны қорғауға үлкен жауапкершілікпен қарау жөнінде бірқатар мәселе көтерілді.

Президент облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар басшыларының назарын рұқсат етілмеген жерлердегі қоқыстарды жою және коқыс өңдеу көрсеткіштерінің төмен екеніне аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыру нәтижесінде Үкіметке ұлттық экологиялық стандарттарды әлемдік стандарттарға сәйкестендіру,

өндіріс орындарының зиянды шығарындыларын азайту, қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу, рұқсат етілмеген жерлердегі қоқыстарды жою және эрозияға ұшыраған жерлерді қайта қалпына келтіру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Қарағанды облысы Шет ауданындағы егістік алқаптарын қалпына келтіріп, мал шаруашылығын дамытуға қатысты қанатқакты жобаның жүзеге асырылу тәжірибесін еліміздің өзге өңірлерінде қолдану мақсатында жан-жақты зерттеуге тапсырма берілді.

Жиын барысында су қауіпсіздігі саласындағы қауіп-қатердің күшейіп келе жатқаны атап өтілді.

(Соңы 2-бетте)

Телефон арқылы сөйлесті

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Өңгімелесу барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанмен Түркиядағы президент

сайлауының бірінші кезеңінде жеңіске жетуімен құттықтады.

Президент сондай-ақ парламенттік сайлауда Әділет және даму партиясы бастаған республикалық альянстың

жеткен жетістігін атап өтті. Сонымен қатар Қазақстан мен Түркия президенттері бауырлас екі ел арасындағы көпжақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдету мәселелерін талқылады.

АЛАҢДАТАРЛЫҚ АХУАЛ

Мемлекет негізі – жер мен су

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесте су проблемасына да ерекше тоқталып өткен еді. «Суды үнемдеп тұтынуымыз керек. Мен су тапшылығының артып жатқанын ұдайы айтып жүрмін. Сарапшылардың пайымдауынша, 2040 жылға қарай суға деген сұраныс 50 пайызға артады. Қазақстан 2050 жылға қарай «суға өте мұқтаж» елдердің санатына кіруі мүмкін», деді Президент. Осы орайда, 1981-1990 жылдар аралығында республикамыздың Су шаруашылығы және мелiorация министрі болған белгілі гидротехник Нариман ҚЫПШАҚБАЕВПЕН еліміздің су мәселесі жөнінде аз-кем әңгімелескен едік.



Сұхбат 13-бетте жарияланып отыр

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

Еңбегі көп, еңбекақысы аз жұмысшы мәртебесін қайтсек арттырамыз?

Қоғамда өзі тандаған мамандықтың қыр-сырын жетік білетін, еңбегі адал жастар да, жасамыстар да көп. Соның ішінде жұмысы ауыр, жаны сірі мамандарға сұраныс әлі де болса жоғары болып тұр. Мұндайда біз тұрақты табысы болмаса да кейбір мамандықтарға мұрын шүйіре қарайтындардың барын жокқа шығара алмаймыз.

Сәндібек АСАНӘЛІ,
«Egemen Qazaqstan»

Шетел аскандардың шекесі шылқып жүр ме?

Аға буын еңбек адамы жайында әңгіме бастала қалса, сөз төркінін кеңес тұсындағы кезеңмен, идеологиямен сабақтап жатады. Рас-ақ, сол жылдардағы мерзімді басылымдарды парақтасаңыз, егін шаруашылығын шалқытып отырған ауылдардың астықты артығымен алғаны, төрт түліктің басы былтырға қарағанда едәуір көбейгені туралы мақалалар жиі

көзге түседі. Әрі кеңес өкіметін көргендер сол бір заманда еңбек

адамдарының мәртебесі биік болғанын айтады.

Қазір қала, мейлі ауыл жастарының өндіріске, ауыр жұмысқа баруға ыждағаты болмауының да себебі бар. Біз мұнымен жастарды мақтап немесе ақтап алайын деп отырғанымыз жоқ.

(Соңы 8-бетте)

